



Конференция

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БҮГІНІ

Ақтөбе қаласында «Ақбөбек» оңалту орталығының 30 жылдығына орай «Балаларды оңалтудың бүгінгі: ғылым, тәжірибе, нәтиже» атты ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияға Астана қаласындағы Ұлттық балаларды оңалту орталығы басқарма төрағасының медицина жөніндегі орынбасары Айгүл Алтынбекова және Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Орал қалаларынан келген білікті мамандар қатысты. Сондай-ақ жиында денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік сала өкілдері, дәрігерлер бас қосты.

Ашылу салтанатында әуелі «Ақбөбек» халықаралық мектебінің оқушылары театрландырылған қойылым қойып, қазақ, ағылшын тілінде ән салды. Одан соң «Ақбөбек» оңалту орталығының директоры Құнсұлу Отарова орталықтың отыз жылдық тарихына қысқаша шолу жасады. Ал «Ақбөбек» компаниясының құрылтайшысы, облыстық мәслихат депутаты Құлпаршын Айдарханова отыз жылдық мерейтой — балалар денсаулығы мен болашағына арналған адал еңбектің мерекесі екенін атап өтті.

— «Ақбөбек» орталығы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қалыптасты. Алғашқы бөлімшелер Хромтау мен Шалқар аудандарында жұмыс істеді. Біз үшін ауыл

баласының денсаулығы әрдайым маңызды болды. Кейін бөлімшелер біріктіріліп, біртұтас орталыққа айналды. Бүгінде орталықта педиатр, невропатолог, физиотерапевт, стоматолог, кардиолог, ЛОР-дәрігер, ортопед және басқа да мамандар қызмет көрсетеді. Осы уақытқа дейін 45 мыңнан астам бала ем алып, оңалтудан өтті. Қазір ұйым құрамында оңалту орталығы, халықаралық мектеп, білім беру орталығы, балалар мен отбасыға арналған демалыс кешені және республикалық балалар газеті жұмыс істейді.

«Ақбөбек» — тек медициналық мекеме емес, әлеуметтік жауапкершілікті қатар алып жүрген ұйым. Он жылдан бері «Жылы шұлықтар» қайырымдылық акциясы арқылы көптөөн балаға көмек көрсетіліп келеді. Біз үшін ең үлкен жетістік — балалардың күлкісі, ата-аналардың алғысы және қоғам сенімі. Осы орайда ұйымның негізін қалаушыларға, дәрігерлерге, педагогтарға, қызметкерлер мен ата-аналарға алғыс айтамын. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында «Ақбөбек» мыңдаған отбасыға үміт сыйлаған үлкен орталыққа айналды. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! — деді Құлпаршын Айдарханова.



Іс-шара барысында Астана қаласындағы Ұлттық балаларды оңалту орталығы басқарма төрағасының медицина жөніндегі орынбасары Айгүл Алтынбекова мерейтой иелеріне жылы лебізін білдіріп, естелік сый табыстады. Сонымен қатар облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Аманжолова басқарма басшысы атынан құттықтау хат тапсырды. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінің оқытушысы, профессор Сәуле Сейітқалиева да құттықтап, естелік сый тарту етті.

Конференция барысында жан-жақтан жиналған сала мамандары балаларды оңалту тақырыбында баяндамалар оқып, өзекті мәселелерді талқылап, өзара пікір алмасты.

Айнұр ІЛІЯСҚЫЗЫ.

Ақтөбе облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№6 қапалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысының бос лауазымына конкурс жариялау туралы хабарланғанды

Ақтөбе облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№6 қапалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Байқау кеңесі «№6 қапалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мемлекеттік мекемесінің басшысының бос лауазымына конкурс жариялайды (1 бірлік).

КӘСІПОРНЫҢ АТАУЫ:

Ақтөбе облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№6 қапалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ:

030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әбілқайыр хан даңғылы, 87-үй, тел.: 8 (7132) 51-67-69, электронды пошта: grol-6@mail.kz.

КӘСІПОРНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТЫ:

Медициналық қызмет көрсету.

КӘСІПОРЫН БАСШЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ:

Ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржылық-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, басқарушылық шешімдер үшін, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері үшін жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетіктерін айқындайды. Диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа және қолданыстағы ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың қызметін медициналық қызметтерді дамыту мен жетілдіруге бағыттайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы үшін, сондай-ақ өзінің және бағынысты тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес жауапты болады.

Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулыққа қауіпсіз еңбек жағдайын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру шараларын қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмыс көрсеткіштерін бағалау негізінде жұмыс нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды қамтамасыз етеді, еңбек тәртібін сақталуын қадағалайды, қызметкерлердің еңбек өнімдерін, бастамашылдығы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды зерделеу және бағалау жұмыстарын үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер ететін басым факторларды айқындайды, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды

жақсарту бойынша тиімді шаралар қабылдайды.

Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуіне, санитариялық қағидалар мен нормалардың сақталуына жедел және зертханалық-аспаптық бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады.

Медициналық этика талаптарының, ұйым қызметіндегі заңдылықтың, оның ішінде қаржылық-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу саласында сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасады, мәмілелер жасайды. Өз қызметі шеңберінде барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады.

Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта таныстырады. Медициналық этика талаптарының, ішкі еңбек тәртібі қағидаларының, жабдықтар мен механизмдердің техникалық пайдалану талаптарының, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық режим талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымның уақтылы есептілігін қамтамасыз етеді.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

— «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білімі, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттау курсы (қайта даярлау) өткенін растайтын куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік берілгені туралы куәлік немесе «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білімі немесе «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімі немесе Executive MBA немесе Full Time MBA дәрежесі, денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілі;

— медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін: бірінші (жоғары) біліктілік санатына сәйкес дәрігердің жалпы біліктілік талаптарына сай кәсіби құзыреттердің болуы, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

КӘСІБИ БІЛІТІЛІК:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (2026 жылғы 15 наурыз), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (1994 жылғы 27 желтоқсан), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (2015 жылғы 23 қараша), «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (2020 жылғы 7 шілде), «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (2014 жылғы 5 шілде), «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (2024 жылғы 1 шілде), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (2015 жылғы 18 қараша), «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (1997 жылғы 11 шілде) және денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық, қаржылық қызметінің негіздерін, басқарудың экономикалық әдістерін, меди-

налық қызметтер нарығының конъюктурасын, кадрлық менеджменттің үздік тәжірибелерін, халық денсаулығының көрсеткіштері мен статистикасын, отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктерін, халықаралық тәжірибені, еңбек қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі нормаларын, төтенше жағдайлар кезіндегі қызметті ұйымдастыруды білуі тиіс.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнын атқарушы органның функцияларын дара жүзеге асыратын басшының немесе алқалы атқарушы орган басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ:

Осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады:

030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әбілқайыр хан даңғылы, 87-үй, 9-кабинет, тел.: 8 (7132) 51-67-69, электронды пошта: grol-6@mail.kz

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР:

Конкурсқа қатысу туралы өтініш. Еркін нысанда жазылған өмірбаян. Білім туралы құжаттардың көшірмелері. Еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болса) немесе еңбек шарты, жұмысқа қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелер немесе еңбек өтілін растайтын өзге құжат. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №175 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы денсаулық жағдайы туралы анықтама. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінен соттылығының жоқтығы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды конкурс жариялаған кәсіпорынға осы хабарландыруда көрсетілген электронды пошта арқылы, электронды форматта құжат қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін ұсынады. Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірмей ұсынылуы тиіс. Ұсынбаған жағдайда кандидат әңгімелесуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы өзінің білімі, еңбек өтілі, кәсіби даярлық деңгейі туралы қосымша ақпарат (біліктілікті арттыру туралы құжаттар, ғылыми дәрежелер мен атақтар, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар) ұсына алады.

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ КҮНІ:

Құжаттарды қабылдау мерзімі — конкурс жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн өткен соң аяқталады. Күні: 3.06.2026 ж. Уақыты: сағат 10.00-де

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ОРНЫ:

030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әбілқайыр хан даңғылы, 87-үй, 18-кабинет, тел.: 8 (7132) 51-67-69, электронды пошта: grol-6@mail.kz.

«ASTANA EXPO TRADE LTD» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 18 маусымда сағат 14.00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақөл ауылдық округі, Шенгелші ауылы, Құрманғазов Шахиз көшесі, 11 корпус, жалпы орта білім беретін мектепте қоғамдық тәрбиеленушілердің түрінде келесі жоба бойынша өткізіледі: «Astana Expo Trade Ltd» ЖШС-нің «Мортух Восточный» кен орнының 2026 жылға арналған Эмиссиялық стандарттар жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, Қоршаған ортаның өндірістік мониторингін бағдарламасының жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы.

Жұмыс орнының географиялық координаттары: 48° 35' 25.42" CШ, 57° 28' 8.16" БД; 2) 48°34' 51.36" CШ, 57° 29' 30.56" БД; 3) 48°33' 51.15" CШ, 57° 29' 51.21" БД; 4) 48°33' 13.14" CШ, 57° 28' 32.77" БД; 5) 48°32' 46.99" CШ, 57° 28' 16.07" БД; 6) 48°33' 0.4" CШ, 57° 27' 47.5" БД; 7) 48°33' 0.4" CШ, 57° 26' 35.43" БД; 8) 48°32' 32.05" CШ, 57° 25' 49.51" БД; 9) 48°32' 38.2" CШ, 57° 25' 45.56" БД; 10) 48°33' 40.83" CШ, 57° 26' 43.34" БД; 11) 48°33' 45.66" CШ, 57° 26' 42.69" БД.

Жобалық құжаттама пакетімен қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu/contacts?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ aktobe.uprtr@yandex.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu/contacts?lang=kk>, қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Тапсырыс беруші – «Astana Expo Trade Ltd» ЖШС, ЖСН 150140014161, Астана қаласы, Алматы ауданы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 1/4 ғимарат. Телефон: +7 778 8335336. Электронды пошта: info@astanaexpotrade.com.

Жобаны әзірлеуші: «Ecology Business Consulting» ЖШС, ЖСН 031040002727, Астана қаласы, Айдархан Тұрғыбаев көшесі, 8, Телефон: (7172) 43-07-33, 8-708-147-50. Электронды пошта: ebc_astana@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, соның ішінде карантин әлеуметтік, табиғи және технокендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдау бейнеконференция түрінде өткізілетін хабарлайды (Zoom Video Communications бағдарламасы арқылы).

<https://us05.wemz.zoom.us/j/8763349878?pwd=J8m8zawjvCaWZ1mpQ0pQVzcXkZj.1>.

Конференция идентификаторы: 876 3349 8778 Кіру коды: 6uufAH.

Қосымша ақпаратты астында көрсетілген электронды пошта және телефоны бойынша алуға болады: astanaexpo@astanaexpotrade.com, тел. 8-701-879-12-45.

Жергілікті атқарушы органның электронды пошталық және пошталық мекенжайы: **Жергілікті атқарушы орган** – «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, пошталық мекенжайы: 030010, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, электронды мекенжайы: aktobe.uprtr@yandex.kz.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «СП «Сине Мидас Строй» ЖШС, жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «СП «Сине Мидас Строй» ЖШС-нің Хромтау ауданы аумағындағы М-32 «РФ шекарасы (Самараға) – Шымкент» республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау кезінде, Ақтөбе – Қарабұтақ – Ұлғайсын учаскесі, 763-1025 км, 719-819 км учаскесінде №2, 3. 1, 3.2, 5 топырақ резервтерінде және кірме жолдарда кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру барысында бүлінген жер учаскелерін рекултивациялау.

Өтінішпен сайттарда <https://ecoorportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 14.05.2026 ж. – 15.06.2026 ж.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «СНПС - Ақтобемұнайгаз» АҚ, жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Кеңжіяқ-тұзасты кен орнының №7052 пайдалану ұңғымасын салу».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoorportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 14.05.2026 ж. – 15.06.2026 ж.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ **90-71-55** aktobesmi@mail.ru

Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы ММ, Ақтөбе «Qatqoq» денсаулық сақтау кәсіподақ» қоғамдық бірлестігі, Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесі, Ақтөбе облыстық дәрігерлер мен провизорлар қауымдастығы қоғамдық бірлестігі, Ақтөбе облыстық көпсалалы балалар ауруханасының басшысы Нұрлан Нұрқасымұлы Қожинға бауыры **Ерлан НҰРҚАСЫМҰЛЫНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, балаларына, тұма-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор Рауен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №К720V0Y00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Қамшат ҚОПАЕВА, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37